

## **Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережені және Карантиндік объектілердің тізбесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 желтоқсан N 1960 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.01. N 773 қаулысымен.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңын және Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі мемлекеттік шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

#### **1. Қоса беріліп отырған:**

1) Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ереже;

2) карантиндік объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 30 желтоқсандағы  
N 1960 қаулысымен бекітілген

### **Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі**

#### **ереже**

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі осы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес әзірленді.

#### **1. Жалпы ереже**

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) карантиндік тексеру (бұдан әрі - тексеру) - импорттық және отандық карантинге жатқызылған өнімнің (жүктердің) және көлік құралдарының карантиндік жағдайын белгілеу;

2) тексеру актісі - карантинге жатқызылған өнімнің (жүктердің) және көлік құралдарының тексерілген сәттегі карантиндік жай-күйін тіркейтін, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор беретін ресми құжат;

3) карантиндік хабарлама - карантинге жатқызылған материалдың алдағы

келіп түсуі, оның карантиндік жағдайы, сондай-ақ өткізілген іс-шаралар мен оны пайдалану шарттары туралы өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық мемлекеттік органды хабардар етуші құжат;

4) карантиндік сертификат - Қазақстан Республикасы аумағының шегінде орын ауыстыратын және сатылатын, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін куәландыратын құжат;

5) карантиндік аймақ - карантиндік объект байқалуына байланысты белгіленген тәртіппен карантин жарияланған аумақ;

6) карантинге жатқызылған өнімді қайта экспорттау (бұдан әрі - қайта экспорттау) - Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өндірілген, сақталған, бөліктерге бөлінген, қайта қапталған немесе басқадай әдіспен әкету алдында карантиндік объектілермен әлеуетті залалдануға ұшыраған карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттау немесе Қазақстан Республикасында өндірілген өнімді басқа мемлекеттің кедендік аумағынан үшінші елдерге экспорттау;

7) транзит - Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы, сондай-ақ шетелдік мемлекеттің аумағы арқылы, карантинге жатқызылған өнімді сақтаусыз, бөліктерге бөлмей, қайта қаптамай, карантиндік объектілермен залалдану қаупінсіз карантинге жатқызылған өнімнің орнын ауыстыру;

8) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның аумақтық органдары;

9) фумигациялау - газ түріндегі химиялық затпен карантиндік өнімді залалсыздандыру;

10) фумигациялық камера - карантинге жатқызылған өнімді химиялық затпен залалсыздандыруға арналған арнайы герметикалық үй-жай;

11) алу актісі - Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіппен және жағдайларда алуға жататын, залалданған, карантинге жатқызылған өнімге (жүктер) мемлекеттік инспектор ресімдейтін ресми құжат;

12) өсімдіктер ауруларын қоздырушылар - тірі саңырауқұлақтардың, вирустардың, бактериялардың өнімдері, сондай-ақ нематодтар, кенелер мен жәндіктер.

2. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауға, оларды табуға, оқшаулауға және жоюға, өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманың сақталуына бақылау жүргізуге бағытталған.

3. Өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар:

1) ауыл шаруашылығы, орман және сәндік дақылдарының тұқымдары мен отырғызылатын материалына, өсімдіктер мен олардың бөліктеріне (калемшесі,

жуашығы, түйнегі, жемісі), сондай-ақ карантинді объектілерді жұқтырушы болуы мүмкін өсімдік текті басқа да кез келген өнімге;

2) өсімдіктер ауруларын қоздырушыларға;

3) жәндіктердің, өсімдіктер ауруларын қоздырушылардың коллекцияларына, тұқымдардың гербарийлері мен коллекцияларына;

4) карантинді объектілердің жұқтырғыштары болуы мүмкін ауыл шаруашылық машиналары мен топырақ өңдеуге арналған құралдарға, көлік құралдарына, ыдыстың барлық түріне, буып-түю материалдарына, өсімдік материалдарынан жасалған өнеркәсіп тауарлары мен бұйымдарға, топырақ құймалары мен үлгілеріне;

5) өсімдік тектілерді өсіретін, дайындайтын, жинайтын, өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, шаруа (фермер), үй жанындағы және саяжай кожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, ауыл шаруашылығына, орманға, суға және басқа мақсатқа арналған жерлерге қолданылады.

## **2. Карантинге жатқызылған өнімді әкелудің, транзиттеудің тәртібі мен шарттары**

4. Жеткізуші карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына жеткізуге немесе оның транзитіне шарттар жасасу кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органнан карантиндік шаралар туралы қажетті ақпарат алады және карантиндік объектілердің әкелінуінің алдын алуды қамтамасыз ететін шарттарды көздейді.

5. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелу, сондай-ақ оның транзиті тек шекаралық фитосанитарлық пункттері бар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, мыналар :

1) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының импорттық карантиндік рұқсаттары (1 қосымша);

2) экспортшы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификаттары болғанда жүзеге асырылады.

6. Импорттық карантиндік рұқсаттар карантинге жатқызылған өнім (жүктің) иелерінің жазбаша түрде берген өтініші негізінде (өтініштің нысанын уәкілетті орган белгілейді) беріледі.

7. Импорттық карантиндік рұқсат алу үшін жеке және заңды тұлға карантиндік өнімді Қазақстан Республикасы арқылы транзитті жүзеге асыруға дейін 5 күн ішінде немесе әкелуге дейін 30 күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органына мынадай мәліметтермен өтінім береді:

1) Қазақстан Республикасына әкелінетін (транзиттелетін) карантинге

жатқызылған өнімді әкелудің мақсаты және оның әр түрі бойынша жеке саны;

2) өнімнің арналып белгіленуі және қолданылу орны (мекен-жайы, ал транзит жүктері үшін - бағыты және белгіленген елі);

3) карантинге жатқызылатын өнімді импорттауды немесе транзиттеуді ұйғарған экспорттаушы елдің атауы, сондай-ақ карантинге жатқызылатын өнімді шығарушы елдің атауы;

4) карантинге жатқызылған өнімнің әкелінуі белгіленген мерзімдер немесе транзиттік тасымалдаудың мерзімі;

5) карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасына әкелінетін шекаралық фитосанитариялық пункттің атауы;

8. Карантинге жатқызылған өнімді әкелуге (транзитке) өтініш иесі импорттық карантиндік рұқсатты алуға берген өтінімінде карантиндік шаралардың өз есебінен орындалуына кепілдік береді. Бұл шараларды жүргізудің қажеттілігі өсімдіктер карантині бойынша бақылаудың нәтижесінде анықталады.

9. Заңды және жеке тұлғалар карантиндік объектілермен карантиндік өнімнің залалданған, сондай-ақ әкелінуі, әкетілуі мен транзитіне немесе әкелуге, әкетуге және транзиттеуге тыйым салынуы Қазақстан Республикасының Z990344\_ , P991716\_ заңнамаларына және өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық шарттарға сәйкес айқындалатын, сондай-ақ өзге карантинге жатқызылған өнімнің Қазақстан Республикасына әкелінуіне (транзиттеуге) жол бермеуге тиіс.

10. Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатымен карантинге жатқызылған объектілермен залалданудың жасырын нысаны бар мынадай карантинге жатқызылған өнімді:

1) ғылыми-селекциялық мақсаттар үшін тұқымдар мен отырғызылатын материалдың үлгілерін сорттық сынақтан өткізу және өндірістік егіс үшін жеміс, орман, сәндік және басқа дақылдардың отырғызылатын материалын;

2) ғылыми-зерттеу мекемелеріне және ботаника бақшаларына айырбас тәртібіндегі тұқымдар мен отырғызылатын материалдың үлгілерін интродукциялық-карантиндік көшеттіктерде оларды тексеру шартымен әкелуге рұқсат етіледі.

11. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнім, сондай-ақ транзиттік карантинге жатқызылған өнім, транзиттік карантинге жатқызылған өнім тасымалданатын көлік заңнамаларда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шекаралық фитосанитариялық пункттерінде карантиндік фитосанитариялық бақылаудан өтуге жатады.

12. Карантинге жатқызылған өнімге арналған кедендік құжаттарды ресімдеу өсімдіктер карантині жөніндегі бақылаудан өткен соң жүргізіледі.

13. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен иммунитетті пайдаланатын тұлғалардың карантинге жатқызылған өнімді әкелуі, егер Қазақстан Республикасы бекіткен Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе халықаралық шарттарда өзге көзделмеген болса, осы ережеге сәйкес жүргізіледі.

### **3. Шекаралық фитосанитариялық пункттердегі және карантинге жатқызылған өнімнің келіп түсетін соңғы пункттеріндегі өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бақылау**

14. Карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органы жүзеге асырады.

15. Шекаралық фитосанитариялық пункттер мен карантинге жатқызылған өнім келіп түсетін соңғы пункттердегі өсімдіктер карантині жөніндегі бақылауды, ал қажет болған жағдайда тексеруді, өсімдіктер карантині жөніндегі кедендік тексерумен бір мезгілде, аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

16. Шекаралық фитосанитариялық пункттің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині бойынша қолданылып жүрген заңнамаларын карантинге жатқызылған өнімнің иелеріне түсіндіреді, импорттық карантиндік рұқсатының болуын және экспортшы - елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатын тексереді және жүк иесінің немесе оның өкілінің қатысуымен үлгілерін іріктеп және сараптамадан өткізіп жүктер мен көліктің жай-күйін белгілейді.

Жүктер мен көліктің карантиндік жай-күйін белгілеуге арналған үлгілерді іріктеудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

17. Егер жүктерді тасымалдаушылар карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктер карантині жөніндегі бақылаудан өткізу үшін беруден бас тартқан жағдайда, онда бұл өнім экспортшы елге жүк тасымалдаушының есебінен қайтарылуға жатады, бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі инспектор Қазақстан Республикасының аумақтық шекаралық және кеден органдарына хабарлайды.

18. Карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік объектілермен залалданғаны, сондай-ақ оны осы ережені бұза отырып әкелінген өнімдер анықталған жағдайда, карантинге жатқызылған өнім иесінің келісімі бойынша, ол экспорт жасаушы елге қайтаруға немесе залалсыздандыруға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және жағдайларда

Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген болса, қайта өңдеуші ұйымдарға беруге жатады.

Залалданған өнімді залалсыздандыруға және қайта өңдеуге, оны қайтаруға мүмкін болмаған жағдайда, залалданған өнім оның иесінің рұқсатымен заңнамада белгіленген тәртіппен алып қоюға және жойылуға жатады.

Ғылыми немесе өзгеше құндылығы бар тұқымдар мен отырғызылатын материалдар, олардың иелерінің өтініштері бойынша жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерге берілуі мүмкін. Тұқымдар мен отырғызылатын материалдарды алуға себеп болған кемшіліктер жойылғаннан кейін және олардың карантиндік объектілермен көмескі залалдануын тексергеннен кейін, тұқымдар мен отырғызылатын материалдар өздерінің иелеріне қайтарылады.

Карантинге жатқызылған өнімді алуды (оның ішінде пошта жөнелтілімдері, қол жүгі және багаж) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор заңнамаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады, бұл туралы алу актісі (2-қосымша) жасалады.

19. Карантинге жатқызылған өнім фитосанитариялық бақылаудан өткізілгеннен және қажетті карантиндік іс-шаралар жүргізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор республикаға әкелуге арналған рұқсатымен өсімдіктер карантині жөніндегі бақылаудан өткізілгені туралы тауарлы-көліктік жөнелтпе құжаттарға белгіленген үлгіде мөртабан қояды. Өнім соңғы келіп түсетін пунктке жолданады.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор барлық жағдайларда өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның мекен-жайына, жүктің келіп түсетін орны бойынша карантиндік хабарлама жібереді (3-қосымша).

20. Шекарада карантинге жатқызылған өнімдермен (жүктермен) жүк операцияларын жүктердің иелері өсімдіктер карантині бойынша бақылау, оның ішінде тексеру жүргізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының рұқсаты бойынша жүргізеді.

21. Фумигацияға ұшыраған карантинге жатқызылған өнімге берілген фитосанитариялық сертификатта залалсыздандырудың өткізілген орны, өнімді залалсыздандыру жүргізілген фумиганттың атауы, мөлшері, экспозициясы, часограммаларының нормалары және залалсыздандырудың өткізілген күні көрсетіледі.

22. Шекаралық фитосанитариялық пункттерде өсімдіктер карантині жөніндегі бақылаудан өткен, әкелінетін карантинге жатқызылған өнім (жүктер), сондай-ақ көлік құралдары карантинге жатқызылған өнім келіп түсетін соңғы пунктте өсімдіктер карантині жөніндегі бақылауға, оның ішінде тексеруге тап болады.

23. Келіп түсетін соңғы пунктте карантинге жатқызылған өнімді және көлік

құралдарын тексеруді, талдауға және сараптауға үлгілерін іріктеуді, кейіннен зертханада сараптай отырып өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады, ол туралы тексеру актісі жасалады (4 қосымша).

24. Соңғы келіп түсу пунктінде карантинге жатқызылған өнімнің өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау жүзеге асырылғаннан кейін өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган карантинге жатқызылған өнімнің иелеріне осы өнімді пайдаланудың шарттары туралы жазылған тексеру актісін береді.

25. Карантинге жатқызылған өнімнің соңғы келіп түсу пунктінде карантиндік объектілер анықталған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган қажетті карантиндік шаралар қабылдайды.

#### **4. Карантинге жатқызылған өнімді әкетудің, кері экспорттаудың тәртібі**

26. Қазақстан Республикасынан әкетілетін карантинге жатқызылған өнім, импорттаушы-елдердің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметтерінің импорттық карантиндік рұқсаттары және Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдары берген фитосанитариялық сертификаттары болған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамаларының және өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы бекіткен мемлекетаралық шарттарда көзделген талаптар мен шарттарға жауап беруі тиіс.

27. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тысқары әкетуге өсімдіктер карантині жөніндегі (5-қосымша) аумақтық органының фитосанитариялық сертификаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

28. Фитосанитариялық сертификатты карантиндік объектілердің болуын карантинге жатқызылған өнімді тексерген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор береді және өзі қолын қойып, белгіленген үлгідегі мөрмен (мөртабанмен) растайды. Фитосанитариялық сертификат, әрбір көлік бірлігіне, сондай-ақ белгіленген бір пунктке бағытталған карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына берілуге тиіс және әкетілетін өнімнің карантиндік жағдайы куәлендірілуі, өнімді залалсыздандырудың жүргізілгендігі, осы өнімді жеткізу жөніндегі басқа да қосымша карантиндік талаптардың орындалғандығы туралы мәліметтері болуы тиіс.

29. Фитосанитариялық сертификат үш данада толтырылады, оның біріншісі мен екіншісі жүк жөнелтушіге беріледі, үшіншісі өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның іс қағазында қалады.

30. Карантинге жатқызылған өнімді әкетуге арналған фитосанитариялық сертификатты алу үшін жеткізуші жүктің партиясын әзірлеуге және оны 15 күн ішінде жөнелткенге дейін фитосанитариялық сертификат беруге арналған

өтінімді өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға беруге міндетті.

31. Әкетілетін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жағдайын осы өнімдер бастапқы тиелген жерлерде, ал екінші рет, экспорттық партияларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезінде теңіз және өзен порттарында (пристаньдарда), теміржол станцияларында, әуежайларда, пошта байланысы кәсіпорындарында, рыноктарда, автовокзалдарда (автостанцияларда) және өзге де объектілерде өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар белгілейді. Шекаралық фитосанитариялық пунктте қайта тиеусіз әкету кезінде, тиеу орны берген фитосанитариялық сертификаттың дұрыс ресімделуін өсімдіктер карантині бойынша ғана бақылау жүзеге асырылады.

32. Кері экспортталатын карантинге жатқызылған өнімге осы ережеде көрсетілген - қайтару, залалсыздандыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар талаптары таралады. Кері экспортталатын карантинге жатқызылған өнімге, Қазақстан Республикасында өндірілген карантинге жатқызылған өнімді басқа мемлекеттің аумағынан үшінші елдерге экспорттаудан басқа жағдайларда, өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары фитосанитариялық сертификат (6-қосымша) береді.

#### **5. Карантинге жатқызылған өнімді мемлекет ішінде тасымалдаудың және өткізудің тәртібі**

33. Карантинге жатқызылған өнімді мемлекет ішінде тасымалдау, өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдар беретін карантиндік сертификаттар (7-қосымша) болғанда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының карантиндік аумағынан карантинге жатқызылған өнімді әкетуге өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдар берген фитосанитариялық (карантиндік) сертификаттар болуы кезінде ғана р ұ қ с а т б е р і л е д і .

34. Карантинге жатқызылған өнімнің жүру жолында немесе оның келіп түсетін ақырғы пунктінде мекен-жайын өзгерту сертификат берген өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның рұқсатымен жүргізіледі.

35. Жеке және заңды тұлғалардың карантинге жатқызылған өнімді рыноктарда сатуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **6. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды және көлік құралдарын тазартуды жүргізудің тәртібі**

36. Егер Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) залалсыздандыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, ол шекаралық



фитосанитариялық пункттерде, арнайы бөлінген орындарда залалсыздандыруға жатады, ал өнімнің залалдануы соңғы келіп түскен пункттерінде анықталған жағдайда, келіп түскен орны бойынша залалсыздандыруды (өңдеуді) өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган жүргізеді.

37. Карантинге жатқызылған өнімді тасымалдау үшін пайдаланылған көлік құралдарының барлық түрлері жүктердің келіп түскен соңғы пункттерінде міндетті түрде мұқият тазартуға жатады, жүктердің келіп түскен соңғы пункттерінде тазалау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, көліктің соңғы келу пунктінде, арнайы бөлінген орындарда тазалау жүргізіледі. Көліктің соңғы келу пунктінде жүргізілген тазалау туралы өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға ақпарат беріледі.

Карантиндік объектілер анықталған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың нұсқамасы бойынша, теңіз, өзен және әуе кемелерін, теміржол мен автомобиль жолы көліктерін және карантинге жатқызылған өнімді тасымалдау үшін пайдаланылған өзге де құралдарды залалсыздандыру жүргізіледі.

Көлік құралдарын және карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруға дайындау, залалсыздандыру жөніндегі жұмыстар олардың иелерінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

38. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру шетелдік мемлекеттерде жүргізілген кезде, әкелінген өнімде пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық санының болуы тексеріледі.

## **7. Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың міндеттері**

39. Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, дайындаумен, қайта өңдеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және сатумен байланысты жеке және заңды тұлғалар :

1) өсімдіктер карантині жөніндегі заңнамалардың, осы ереженің талаптарын және уәкілетті мемлекеттік органның тиісті карантиндік іс-шараларды жүргізу туралы ұйғарымдарын орындауға;

2) карантинге жатқызылған өнімнің және карантиндік объектілердің болуы туралы мәліметтерді өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган инспекторының талабы бойынша беруге;

3) егістіктердің, аумақтардың, карантинге жатқызылған өнім сақталатын қоймалардың жүйелі түрде зерттелуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қолда бар карантинге жатқызылған өнімді тексеру мен сараптама үшін беруге;

4) карантиндік объектілер анықталған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға дереу хабар беруге;

5) Қазақстан Республикасының аумағына келген, өсімдіктер карантині бойынша бақылаудан өтуге арналған карантинге жатқызылған өнімі бар көлік құралдары мен контейнерлердің ашылуына жол бермеуге;

6) карантинге жатқызылған өнімді сақтауға арналған, карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес үй жайлар бөлуге және өсімдіктер карантині бойынша бақылау өткізілгенге дейін мұндай өнімнің күзетілуін қамтамасыз етуге ;

7) карантинге жатқызылған өнімі бар көліктерді жүру жолында, сондай-ақ бұл үшін арналмаған орындарда тазалауға жол бермеуге;

8) карантинге жатқызылған өнімді тасымалдауды, олардың залалдану мүмкіндігін болдырмау және Қазақстан Республикасының аумағында карантиндік объектілердің таралмауы шараларын қамтамасыз ете отырып, жүзеге асыруға ;

9) өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның шешіміне сәйкес карантиндік шаралардың дәл орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

#### **8. Карантиндік объектілерді анықтау және олардың таралуының алдын алу**

40. Карантиндік объектілерді уақытылы айқындау, олардың таралу ошақтарының шекараларын белгілеу мақсатында кез келген мақсаттарға арналған жер, үйлер, ғимараттар, құрылыстар, резервуарлар, қоймалық орындар, құрал-жабдықтар, контейнерлер және карантиндік объектілермен залалданудың және таралуының көздері болуға қабілетті өзге объектілер жүйелі түрде карантиндік фитосанитариялық зерттеуге жатады. Зерттеудің нәтижелері өсімдіктер карантині бойынша бақылау өткізілгені туралы актімен ресімделеді (8 - қосымша ) .

41. Карантиндік объектілердің ошақтары табылған жағдайда тиісті аумақтарда "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабында белгіленген тәртіппен карантиндік режим енгізіле отырып, карантиндік аймақтар белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 30 желтоқсандағы  
N 1960 қаулысымен бекітілген

#### **Карантиндік объектілердің тізбесі**

**Карантиндік мағынасы бар, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген зиянкестер, өсімдіктер аурулары және арамшөптер**

##### **А. Өсімдіктер зиянкестері**

*Anoplophora glabripennis* Motschulsky  
*Callosobruchus analis* L.

*Spodoptera litura* Fabr  
*Hyphantera cunea* Drury  
*Liriomyza trifolii* (Burg)  
*Premnotrypes* spp  
*Unaspis citri* Comst.  
*Pantomorus leucoloma* Boh.  
*Tetradacus citri* Chen.  
*Pseudococcus citriculus* Green.  
*Unaspis yanonensis* Kuw.  
*Numonia pyrivorella* Mats.  
*Spodoptera littoralis* Boisd.  
*Diabrotica virgifera virgifera* Conte  
*Frankliniella occidentalis* Perg.  
*Callosobruchus phaseoli* Gyll.  
*Ceroplastes rusci* L.  
*Epitrix tuberis* Gentner  
*Epitrix cucumeris* Harris  
*Phthorimaea operculella* Zell.  
*Callosobruchus chinensis* L.  
*Lymantria dispar* L. (asian race)  
*Thrips palmi* Karny  
*Carposina niponensis* Wlsgm.  
*Conotrachelus nenuphar* Hb.  
*Ceratitis capitata* Wied.  
*Liriomisa sativae* Blanch.  
*Pseudaulacaspis pentagona* (Targ.)  
*Pestinophora gossypiella* Saund.  
*Bemisia tabaci* Gew.  
*Dialeurodes citri* Rillcy  
*Phyllocnistis citrella* Stainton  
*Pseudococcus gahani* Green.  
*Liriovyza huidobrensis* Blanch.  
*Rhagoletis pomonella* Walsh.  
*Agrilus mali* (Mats).  
*Popillia japonica* (Newm).  
*Geroplastes japonicus* Green.  
*Leucaspis japonica* Ckll.

**Б. Өсімдіктер аурулары**

**Саңырауқұлақты**

Glomerella gossypii (South) Edgerton  
Didymella chrysanthemi (Tassi) Gar.et  
Gull.  
Puccinia horiana P.Henn.  
Angiosorus solani (Thirum et O Brier)  
Diplodia macrospora (Earle)  
Diplodia frumenti (Eller Ev)  
Tilletia (Neovossia) indica Mitra  
Cochliobolus carbonum R.Nelson  
Synchytrium endobioticum (Schild.) Percival  
Atropellis pinicola Zeller & Goodding  
Atropellis piniphillf (Weir.) Lohman & Cash  
Phyatotrichum omnivorum (Schear.)  
Guggar  
Ceratokystis fagacearum (Bretz.) Hunt.  
Phytophthora fragariae Hickman.  
Phomopsis helianthi (Munt-Wetetal)  
Cochliobolus heterostrophus Drechsler  
rasa T.(Helminthosporium maydis Nisicado et  
Miyake)

#### **Бактериялық**

Xanthomonas ampelina (Panagopoulos)  
Erwinia stewartii (Smith.)  
Clavibacter michiganensis subsp.  
sepedonicum (Spieckermann and  
Kotthoff) Davis et al  
Xanthomonas oryzae pv. oryzae  
(Ishiyama) Swings et al  
Xanthomonas oryzae pv. oryzicola (Fang et al) Swings et al  
Ralstonia solanacearum (Smith.) Yabuuchi et al  
Erwinia amylovora (Curill.)  
Clavibacter tritici (Carls et Vidav) Davis

#### **Фитоплазмалық және вирустық**

Potato Andean mottle comovirus  
Potatj Andean latent timovirus  
Potato T trichovirus  
Grapevine flavescence doree phytoplasma  
Peach latent mosaic viroid  
Polato yellowing alfamovirus

Cherru rasp leaf virus  
Peach rosette mosaic nepovirus  
Plum poxpotyvirus

#### **Нематодалық**

Globodera pallida (Stone) Mulvey et Stone  
Globodera rostochiensis (Woll.) M. et. St.  
Meloidogine chitwoodi Golden et al  
Bursaphelenchus xylophilus (Steiner et Bu hrer)

#### **В. Арамшөптер**

Ambrosia trifida L.  
Iva axillaris Pursh.  
Ipomoea hederacea L.  
Ipomoea lacunosa L.  
Solanum carolinense L.  
Solanum elaeagnifolium Cav.  
Solanum triflorum Nutt.  
Helianthus californicus DC.  
Helianthus ciliaris DC.  
Striga sp.sp  
Cenchrus payciflorus Benth.  
Bidens pilosa L.

### **Қазақстан Республикасының аумағында таралуы шектелген карантиндік объектілер**

#### **А. Өсімдіктер зиянкестері**

Grapholitha molesta (Busck.)  
Quadraspidotus perniciosus (Comst.)  
Trogoderma granarium (Ev.)  
Leptinotarsa decemlineata Say.  
Viteus vitifolli (Fitsch).  
Pseudococcus comstocki Kuw.  
Callosobruchus maculatus F.

#### **Б. Арамшөптер**

Ambrosia artemisiifolia (L.)  
Ambrosia psilostachya (D.C.)  
Acroptilon repens (D.C.)  
Solanum rostratum Dun.  
Cuscuta sp.sp

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден

қорғау жөніндегі ережеге

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік фитосанитариялық

қызметі

**№\_\_ИМПОРТТЫҚ КАРАНТИНДІК РҰҚСАТТАМА**

Осымен \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке аты-жөні)

Қазақстан Республикасының (транзит) \_\_\_\_\_

( е л д і ң а т а у ы )

мынадай карантинге жатқызылған өнімнің  
әкелінуіне рұқсат беріледі: \_\_\_\_\_

(әр түрі бойынша атауы, мөлшері)

1. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнім мынадай карантиндік зиянкестерден, аурулардан және арам шөптердің тұқымдарынан таза болуы тиіс: \_\_\_\_\_

2. Мынадай қосымша талаптарға сай болуы керек: \_\_\_\_\_

3. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің әр партиясы экспорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ресми ұйымдары берген, Қазақстан Республикасына жіберілген карантинге жатқызылған өнім осы рұқсаттаманың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген барлық талаптарға жауап беретінін куәландыратын фитосанитариялық сертификатымен қоса жүруі тиіс.

4. Карантинге жатқызылған өнімді (транзит) әкелу міндеті карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және сараптамадан өткеннен кейін мынадай шекаралық фитосанитариялық бекеттен рұқсат етіледі.

(шекаралық фитосанитариялық бекеттің атауы)

5. Осы рұқсаттама бойынша әкелінетін карантинге жатқызылған

өнім (транзиттік) мынадай бағыт бойынша тасымалдануы керек: \_\_\_\_\_

6. Өнімдер мен көлік құралдары, соңғы келіп түсу пунктіне келген соң мынадай карантиндік шаралардан өтуі тиіс: \_\_\_\_\_

7. Рұқсаттама "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-ші бабының негізінде берілді. \_\_\_\_\_

200..жылғы .. ..... 200..жылғы .. ..... дейінгі мерзімге берілді.

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі  
Бас мемлекеттік инспекторы

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі  
мемлекеттік инспекторы

М.О.

Ескерту: 1. Импорттық карантиндік рұқсаттама ҚР АШМ-нің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызмет ведомство ішілік құжаты болып табылады. Тек түпнұсқа түрінде жарамды (көшірме орындалуға қабылданбайды), мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінің өсімдіктер карантині жөніндегі және жүкті алу орны бойынша тиісті мемлекеттік фитосанитариялық қызметінің органына және жүк алушыға және басшылыққа орындауға беріледі, басқа ұйымдар мен ведомстваларға ұсынуға жатпайды.

2. Қазақстанға жүкті кедендік өткізу үшін импорттық карантиндік рұқсаттама негіз болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің

Өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік фитосанитариялық  
қызметі

**АЛУ АКТІСІ**

К і м г е :

иесіне \_\_\_\_\_

Осымен, төменде келтірілген карантинге жатқызылған өнім, мынадай себептер бойынша алынып тасталғаны куәлендіріледі:

ө н і м

залалданған: \_\_\_\_\_

Осы өнім импортына тыйым салынды  
Мынадай себептер бойынша фитосанитариялық сертификат жарамсыз:

Б а с қ а

себептер \_\_\_\_\_

Қ о л д а н ы л ғ а н                      ш а р а

Жою                      Залалданған өнімдерді жүктен алып тастау

Қ а й т а р у

Басқа \_\_\_\_\_

З а л а л с ы з д а н д ы р у

Алынып тасталған карантинге жатқызылған өнімнің атауы мен саны:  
(түгел жүк немесе оның бөлігі)

Жүк туралы мәлімет:

Экспорттаушының мекен-жайы:

Жүк алушының мекен-жайы:

Айырмалық белгілері (таңбасы):

Жеткізетін құралдар

N фитосанитариялық сертификат

Берілді (ұйымның аталуы) \_\_\_\_\_ Берген уақыты \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

(облысының, қаласының, шекарадағы фитосанитариялық шекаралық пункт)

Мөртабан \_\_\_\_\_

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

(қолы)



Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі  
мемлекеттік фитосанитариялық

қызметі

Өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган

\_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ шекарадағы фитосанитариялық бекет

**№ \_\_\_\_\_ КАРАНТИНДІК ХАБАРЛАМА**

Өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган \_\_\_\_\_

( м е к е н - ж а й ы )

" . . . " . . . . . ж .

Мен өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік  
и н с п е к т о р \_ \_ \_

( а т ы - ж ө н і )

\_\_\_\_\_ карантинге жатқызылған өнімді тексеруден  
ө т к і з д і м \_\_\_\_\_

( а т а у ы ж ә н е с а н ы )

ш ы қ қ а н

жері \_\_\_\_\_

ж і б е р і л г е н ж е р і

( м е к е н - ж а й ы )

(өнімнің карантиндік жағдайы көрсетіледі және оны пайдалануға

\_\_\_\_\_ м ы н а д а й ш а р т қ о й ы л а д ы )

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор\_\_\_\_\_

(қолы)

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік фитосанитариялық

қызметі

**КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӨНІМДІ,  
КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ТЕКСЕРУДІҢ ЖӘНЕ  
КАРАНТИНДІК САРАПТАМАҒА АРНАЛҒАН  
ҮЛГІЛЕРІН ІРІКТЕУДІҢ**

**№\_\_\_ АКТІСІ**

Мен, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор\_\_\_\_

(Өсімдік карантині жөніндегі аумақтық органның атауы, аты-жөні)

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген  
ережелерге сәйкес карантинге жатқызылған өнімді, көлік құралдарын тексеруді  
және карантиндік сараптамаға арналған үлгілерін іріктеуді

" " \_\_\_\_\_ ж. өткіздім. \_\_\_\_\_

-----  
(заңды тұлғаның атауы және жеке тұлғаның аты-жөні)  
өнімнің (тасымалдау құралының) аты

-----  
Мөлшері (топ салмағы, орын саны және  
т.б.) \_\_\_\_\_

-----  
Карантинге жатқызылған өнімнің шыққан  
жері \_\_\_\_\_

" " \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_ Сертификат  
б е р і л г е н

-----  
Мынадай орташа үлгілері іріктеліп алынды:  
\_\_\_\_\_ дана \_\_\_\_\_ салмақ мөлшерінде

Тексеру нәтижесінде

анықталды \_\_\_\_\_

Мынадай карантиндік шараларды жүргізу керек \_\_\_\_\_

Акт карантинге жатқызылған материалдардың иесі өкілінің қатысуымен жасалынды \_\_\_\_\_

(лауазымы, аты-жөні)

Өсімдіктер карантині жөніндегі  
мемлекеттік инспектор

Ө к і л

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі Фитосанитариялық  
Мемлекеттік сертификаты  
фитосанитариялық қызметі N \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ( е л )

Ө с і м д і к т е р д і

жөніндегі ұйым қорғау және карантин

**ЖҮКТІҢ СИПАТТАМАСЫ**

Экспортер және оның мекен  
жайы \_\_\_\_\_

Алушы және оның мекен  
жайы \_\_\_\_\_

Орнының саны және буып-түю  
сипаттамасы \_\_\_\_\_

Таңбасы ( ай ы р ма  
белгісі) \_\_\_\_\_

Ш ы қ қ а н ж е р і

Т а с ы м а л д а у т ә с і л і

Ө н і м н і ң а т а у ы ж әне о н ы ң  
с а н ы \_\_\_\_\_

Ө с і м д і к т е р д і ң б о т а н и к а л ы қ а т ы

Осымен жоғарыда сипатталған өсімдіктер мен өсімдік өнімдері бар методика мен ережелерге сәйкес тексерілгені және карантиндік зиянкестер мен басқа да зиян келтіретін жәндіктерден іс жүзінде таза болып табылғаны және импорттаушы елдің фитосанитариялық ережелеріне толық сәйкес келетін куәландырылады. \_\_\_\_\_

-----  
**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ**

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

Залалсыздандыру тәсілі \_\_\_\_\_

Химикат және оның концентрациясы \_\_\_\_\_

Экспозиция және температурасы \_\_\_\_\_

Қосымша хабарлама \_\_\_\_\_

Қосымша декларация \_\_\_\_\_

Берілген орны \_\_\_\_\_

Ұйымның мөртабаны \_\_\_\_\_ Мемлекеттік инспектордың аты-жөні \_\_\_\_\_

Күні, айы, жылы Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
6-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің Реэкспортқа арналған  
Өсімдіктер карантині жөніндегі фитосанитариялық  
с е р т и ф и к а т  
Мемлекеттік фитосанитариялық N \_\_\_\_\_  
қызметі Өсімдіктерді қорғау және

карантин жөніндегі ұйым

(реэкспортер мемлекеттері)

**ЖҮКТІ СИПАТТАУ**

Э к с п о р т е р ж әне  
о н ы ң м е к е н

жайы \_\_\_\_\_

А л у ш ы ж әне о н ы ң м е к е н

жайы \_\_\_\_\_

О р н ы н ы ң с а н ы ж әне б у ы п - т ү ю

с и п а т т а м а с ы \_\_\_\_\_

Т а ң б а с ы ( а й ы р м а

белгісі) \_\_\_\_\_

Ш ы қ қ а н ж е р і

\_\_\_\_\_ Т а с ы м а л д а у т ә с і л і

\_\_\_\_\_

Ә к е л і н е т і н п у н к т

\_\_\_\_\_

Ө н і м н і ң а т а у ы ж әне о н ы ң

с а н ы \_\_\_\_\_

Өсімдіктің ботаникалық аты \_\_\_\_\_

Жоғарыда аталған өсімдіктер немесе өсімдік  
ө н і м і \_\_\_\_\_ (реэкспорт.

таған елде) осы сертификатқа қоса отырған N \_\_\_\_\_ фитосанитариялық  
сертификат бойынша түпнұсқа \_\_\_\_\_ куәландырылған көшірме \_\_\_\_\_  
з е р т т е л д і ,

олар буып-түйілген \_\_\_\_\_ бастапқыға қайта буып түйілген \_\_\_\_\_, жаңа

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ контейнерлерге, бастапқы фитосанитариялық сертификаттың \_\_\_\_\_

ж ә н е

қосымша зерттеудің негізінде \_\_\_\_\_ олар импорттаушы елдің

фитосанитариялық ережелеріне сай келеді.

\_\_\_\_\_ (реэкспорттаған

елде) сақталған уақыты жүк зиянкестер және өсімдіктер ауруларын жұқтыру қаупіне ұшыратылмағандығы куәландырылады.

### ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

Залалсыздандыру тәсілі \_\_\_\_\_

Химикат және оның концентрациясы \_\_\_\_\_

Экспозиция және температурасы \_\_\_\_\_

Қосымша хабарлама \_\_\_\_\_

Қосымша декларация \_\_\_\_\_

Берілген орны \_\_\_\_\_

Ұйымның мөртабаны \_\_\_\_\_

Мемлекеттік инспектордың аты-жөні \_\_\_\_\_

К ү н і

Қ о л ы

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
7-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік фитосанитариялық  
қызметі

**№ \_\_\_ КАРАНТИНДІК СЕРТИФИКАТ**  
\_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды

1. Берілді \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

(оның мекен жайы)

оған \_\_\_\_\_

(қайда, кімге, алушының толық атауы және мекен жайы көрсетілуі  
к е р е к )

мынадай карантиндік жатқызылған өнімді  
шығаруға рұқсат берілді:

2. Орынның жалпы саны (дана) \_\_\_\_\_

3. Жалпы салмағы (тонна, кг) \_\_\_\_\_

4. Жөнелту станциясы (орыны) \_\_\_\_\_

5. Баратын станциясы (орыны) \_\_\_\_\_

6. Жүкті зерттеу, тексеру немесе зертханалық талдаудың  
(сараптаманың) негізінде куәландырылады

( к е р е г і н с ы з )

(жүктің карантиндік жағдайы және өткізілген шаралары туралы  
б е л г і )

\_\_\_\_\_ анықталды

7. Карантинге жатқызылған материалды жөнелту, алу кезінде және  
пайдаланғанда мынадай шарттар белгіленеді

8. Берілген негізі

( қ а н д а й қ ұ ж а т т ы ң )

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

(қолы) (инспектордың аты-жөні)

М . О .

Е с к е р т у :

1. Сертификат жүктің әр жекеленген көлеміне беріледі және  
соған жарамды болады.
2. Жол бойы, жүктің өсімдіктер карантині жөніндегі  
аумақтық органның арнайы рұқсатынсыз, басқа жаққа жіберуге тыйым  
с а л ы н а д ы .
3. Сертификатты беру жіберуге 15 күн қалғанға дейін  
ж ү р г і з і л е д і .
4. Сертификаттың жарамдылық мерзімі жүктің жолда болған  
уақытына байланысты белгіленеді.

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы Министрлігінің  
Өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік фитосанитариялық

қызметі

# ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АКТ

" . . . " . . . . . ж .

Мен, өсімдіктер карантині жөніндегі Қазақстан Республикасы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ облысының мемлекеттік инспекторы "Өсімдіктер  
карантині туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының  
территориясын карантиндік объектілерден қорғау Ережелерінің  
негізінде карантиндік шаралардың орындалуын тексердім.

(заңды тұлғаның атауы немесе және тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1. Тексеру  
барысында анықталды (қай кезде, қай уақыт аралығында  
және қандай құжаттар тексерілді және не анықталды) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 2. Тексеру нәтижесі  
бойынша қорытынды және ұсыныс (міндетті  
түрде орындалатын шаралар, олардың уақыты, жұмысқа жауапты  
а д а м д а р )

Акт 2 данада жазылды оның біріншісі заңды немесе жеке тұлғаның  
өкіліне беріледі, екіншісі өсімдіктер карантині жөніндегі  
инспектордың тапсырмалары мен нұсқамаларының орындалуын  
тексерілген соң істе қалады, орындалмаған жағдайда хаттама  
ж а з ы л а д ы .

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Акттың бірінші данасын алдым  
Иесі (өкілі) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині жөніндегі инспектордың берген  
тапсырмалары мен ұсыныстарының тексеру қорытындысы  
Тексеру жүргізілді \_\_\_\_\_ иесінің (өкілінің) қатысуымен

\_\_\_\_\_ (қызмет орны, аты-жөні)  
тексеруде анықталды (тапсырманың орындалуы):  
\_\_\_\_\_



Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

---

( а т ы - ж ө н і )

Иесі (өкілі) \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ